

Байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қойылатын өлшемшарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 тамыздағы № 76 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 тамызда № 36578 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрүқ 25.08.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 182-1-бабының 1-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қойылатын өлшемшарттар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бүйрүқты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрүқ 2025 жылғы 25 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрлігі

С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Ұлттық экономика министрі

2025 жылғы 4 тамыздағы

№ 76 бүйрүгімен

бекітілген

Байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қойылатын өлшемшарттар

1. Осы Байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қойылатын өлшемшарттар (бұдан әрі – Өлшемшарттар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Заның 182-1-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленген және байқау кеңестері құрылатын, мемлекет жалғыз қатысушысы болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге (бұдан әрі – Серіктестік) қойылатын өлшемшарттарды айқындайды.

2. Бақылау кеңесі төменде санамаланған өлшемшарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін Серіктестіктерде құрылады:

- 1) Серіктестіктің бағалы қағаздары қор биржасында орналастырылады;
- 2) Серіктестік Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабымен белгіленген өлшемшарттарға сәйкес орта немесе ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- 3) Серіктестік Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектісі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК